

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

*Г.Ж. ХАИРЛАЕВА¹ С.А. АСАНБАЕВА² 

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан ^{1,2}
(e-mail: ghairlaeva@gmail.com¹, asanbaevasaule1970@gmail.com²)

ҚАЗІРГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ КОНТЕКСТІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АУДАРМА: ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІ (ҚАЗАҚ-ОРЫС ТІЛДЕРІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Мақалада қазіргі мәдениетаралық коммуникация жағдайындағы қоғамдық-саяси аударманың рөлі мен маңызы қарастырылады. Әлеуметтік-лингвистикалық аспект тұрғысынан саяси дискурс аудармасының ерекшеліктері, адресатқа бейімделу, тілдік нормалар және саяси корректілік мәселелері зерттеледі. Қазақ және орыс тілдеріндегі нақты аударма мысалдар арқылы ұлттық-мәдени ерекшеліктер мен аудармашының тілдік қоры мен сөздік қолданысы талданады. Қазіргі мәдениетаралық коммуникация жағдайында қазақ және орыс тілдері материалдары негізінде қоғамдық-саяси аударманың әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктері айқындалады. Негізгі зерттеу нысаны ретінде Президент жолдауы және заңнамалар мен актілерді алдық. Қазақ және орыс тіліндегі дайын аударма мәтіндерінің семантикалық, лексикалық, стилистикалық ерекшеліктерін қарастырып, аударма теориясына және аудармашыға қойылатын жалпы талаптар тұжырымдалады. Зерттеу барысында әлеуметтік-лингвистикалық аспектілерге, атап айтқанда, тілдік тұлға, ұлттық-менталдық ерекшеліктер, коммуникативтік стратегиялар мен мәдени құндылықтардың рөліне баса назар аударылады. Қоғамдық-саяси мәтіндерді аудару үдерісі мәдениетаралық коммуникация актісі ретінде сипатталып, аудармашының шығармашылық қызметі мен эвристикалық шешімдері сарапталады. Жұмыстың нәтижелері көптілді ортадағы аударма практикасын жетілдіруге, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінің мәдениетаралық коммуникациядағы өзара ықпалдастығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қоғамдық-саяси аударма, мәдениетаралық коммуникация, әлеуметтік-лингвистикалық аспект, саяси дискурс, эквиваленттік, бейімдеу.

Кіріспе. Заманауи мәдениетте әр түрлі тілдердегі мәліметтер әлеуметтік ортада еркін қолданылады. Өркениетті елдер мен халықтар арасындағы мәдени байланыстардың кеңею үрдісі мәдениеттанушылардың, лингвистердің, психологтар мен социологтардың назарын мәдениетаралық коммуникация мәселесіне көңіл бөліп, зерттеу нысаны ретінде қарастыруына септігін тигізуде. Мәдениетаралық коммуникация тәжірибесі көрсеткендей, әртүрлі мәдениетаралық байланыстар мен қарым-қатынас түрлерін тиімді қолдау үшін тиісті тілді білумен қатар, басқа мәдени ортаға тән нормалар, ережелер, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы хабардар болуы қажет, өйткені бұл үдеріс – әртүрлі ұлттық мәдениеттерге жататын екі қатысушының коммуникативтік акт аясында өзара түсіністігі болып табылады.

XX ғасырдың ортасына қарай аудармадағы негізгі қиындықтар мен аударма саласының даму сипаты аудармада қолданылатын тілдердің құрылымдары мен қызмет ету ережелеріндегі айырмашылықтарға байланысты екені айқындалды. Аударма

мәтінінің дәлдігіне қойылатын талаптар күннен күнге артып келеді, өйткені ақпаратты барлық бөлшектеріне дейін, жекелеген сөздердің мағынасына дейін дұрыс жеткізу маңызды. Аударма үдерісінің мәнін түсіну мен ашу, оның барысы мен нәтижесіне әсер ететін лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторларды ажырата білу қабілеті маңызды орын алады. Сәтті аударма қызметін жүзеге асыру үшін тек түпнұсқа тілі мен аударма тілін білу жеткіліксіз екенін түсіну аударманы әртүрлі ғылым салалары тұрғысынан терең зерттеуге негіз болды. Осылайша, қазіргі әлеуметтік-мәдени үдерістер мәдениетаралық өзара әрекеттестіктің өзіндік ерекшеліктерін тудырып, теориялық зерттеулердің жаңа бағыттарын айқындайды. Дәстүрлі зерттеу әдістері мен методологиялық көзқарастарды қайта қарауға алып келді.

Аударма мәтінінің негізгі мақсатына қатысты функционалдық аударма теориясының негізін қалаушы Юджин Найда пікіріне сүйенетін болсақ, түпнұсқа мәтін мен оның аудармасының қабылдаушы аудиторияда бірдей немесе ұқсас әсер тудыру [1]. Демек, түпнұсқа мәтіндегі негізгі ой мен аударма мәтініндегі ой сәйкес келу аудармашының негізгі мақсатының бірі болуы тиіс. Қоғамдық-саяси мәтіндерді аудару кезінде аудармашының алдында ой тұтастығымен қатар, мәдениетаралық мәселе де маңызды рөл атқаратынын ескерген жөн. Аударып отырған мәтіннің түпнұсқа тілдегі мәдени, ұлттық құндылықтарын сақтау маңызды. Аударма мәтінің сапасына қатысты Г.Вермеер [2] скопос теориясын ұсынды. Г.Вермеердің көзқарасына сәйкес, аударманың сапасы түпнұсқа мәтінге дәл сәйкестігімен емес, алға қойылған мақсатты қаншалықты нәтижелі орындай алуымен бағаланады. Сондықтан әрбір аударма мәтіні негізгі түпкі ой негізін сақтай отырып, оқырманға немесе реципиентке түсінікті, оқылымды болу керек.

Қазіргі жаһандану жағдайында мәдениетаралық коммуникацияның маңызы артып келеді. Өркениетте дамып жатқан әлеуметтік-мәдени үдерістер ғалымдарды мәдениеттердің өзара әрекеттесу мәселесін әртүрлі методологиялық тұрғыдан қарастыруына себеп болды. Әртүрлі елдердің саяси, әлеуметтік және мәдени өміріне қатысты ақпарат алмасу үдерісінде аударма негізгі рөл атқарады. Әсіресе қоғамдық-саяси мәтіндерді аудару – бұл жай ғана тілдік трансформация емес, сонымен қатар күрделі әлеуметтік және мәдени кодтарды түсіндіру мен бейімдеу үрдісі. Аудармашы тек екі тілдің емес, екі түрлі мәдениеттің арасындағы дәнекер қызметін атқарады. Қоғамдық-саяси дискурста бұл рөл одан әрі күрделене түседі, себебі саяси мәлімдемелер мен ресми құжаттарда сөздердің астарлы мағынасы, идеологиялық мазмұны ерекше орын алады. Қоғамдық-саяси мәтіндерге жаңалықтар, ресми баяндамалар, президент сөздері, декларациялар мен халықаралық келісімдер жатады. Бұл мәтіндердің аудармасында дәлдік, бейтараптық, стилистикалық ресмилік және терминологиялық тұрақтылық басты талаптар болып табылады.

В.Н.Комиссаров қоғамдық-саяси аударманы «тіл мен мәдениеттің тоғысатын нүктесі» деп сипаттайды, ал Л.С.Бархударов аудармада прагматикалық фактордың рөлін ерекше атап өтеді [3]. Қоғамдық-саяси аударма мәтінінде негізгі ойды жеткізу қызметімен қатар, екі тілдің мәдени деңгейін, әлеуметтік маңызды қырларын жеткізу құралы ретінде қарастырған жөн.

Қоғамдық-саяси мәтіндерді аудару барысында аудармашының алдында саяси дискурстық мәселені сақтау, саяси бірлікті арттыру міндеті тұрады. Осы мәселе тұрғысынан аудармашылар саяси түзеттіліктің нормаларын білуі және оны қоғамдық-саяси аудармада дұрыс қолдануы маңызды. Саяси түзеттілік – бұл белгілі әлеуметтік топтар үшін тұрпайы сөздер мен тіркестерді тікелей немесе жанама түрде қолдануға тыйым салудың көрінісі [4, 164]. С.Г.Тер-Минасова бұл тіл феноменін жеке адамның қадір-қасиетін қозғайтын, оның ерекшеліктері мен әлеуметтік мәртебесіне қатысты дәрежі сипаттамалармен байланысты тілдік қолданыс тәсілдерінің көзқарасы ретінде қарастырады [5]. Жалпы алғанда, қазіргі ғылым саяси түзеттіліктің екі аспектісін қарастырады: 1) идеология мен саясаттың өзара байланысын бейнелейтін мәдени аспект; 2) сөздер мен тіркестердің синонимдік алмастыруы арқылы көрінетін тілдік аспект [6, 156]. Осылайша, саяси түзеттіліктің мақсаты – саяси

мәдени қарым-қатынастағы келеңсіз және ықтимал қақтығыс жағдайларын болдырмау. Бұл аударма мәтініне де тікелей қатысы бар басты қағидаттардың бірі болып саналады.

Мәдениетаралық коммуникацияда бір тілден екінші тілге жай ғана сөздерді емес, сол тілдің мәдениетінде қалыптасқан ұғымдарды да жеткізу керек. Аудармашы адресаттың әлеуметтік-когнитивтік ерекшеліктерін ескеруі тиіс. Мысалы, бір елдің саяси термині басқа елде мүлдем басқа мәнге ие болуы мүмкін. Бұл жағдайларда аудармашы эквивалент табумен қатар, түсіндірме немесе бейімдеу әдісін қолдануы керек [7]. Қоғамдық-саяси лексикадағы сөздердің қолданысында көбіне халықаралық терминдер жиі қолданылады. Н.У.Абдуллина және Қ.Ж.Айдарбектің «Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексиканың бірлігі ретінде «праймериз» сөзінің орнын анықтау» [8] атты зерттеу еңбегінде қазақ тілінде қалыптасқан қоғамдық-саяси сөздік қорға талдау жасайды. Зерттеушілердің айтуынша, қоғамдық-саяси лексика аудармасында қолданылып жүрген сөздер терминдерге өте ұқсас болып келеді. Алайда, өткен ғасырда жарық көрген басылымдарда орыс тілінің әсерінен көптеген сөздердің аудармаларында түпкі сөзге жақын етіп аударылған сөздер мен сөз тіркестері жиі кездеседі. Ғалым Б.Момынова «Қазақ» газетінде жарық көрген материалдардағы қоғамдық-саяси лексиканы төмендегіше топтарға жіктейді. Олар: 1) әлеуметтік-тарихи категориялар мен ұғымдарды білдіретін атаулар; 2) мемлекеттік құрылысты білдіретін атаулар; 3) әкімшілік жүйеге қатысты атаулар; 4) сот жүйесіне қатысты атаулар; 5) саясатқа қатысты атаулар; 6) әскери қимылдар мен қару-жараққа қатысты атаулар; 7) оқу-білім, мәдени салаларға қатысты атаулар; 8) діни ұғымдарға қатысты атаулар [9, 29]. Аударма мәселесін де осындай лексика-семантикалық ерекшеліктерді ескере отырып, түпнұсқа мәтіні негізінде аударма жасалады. Саяси тұрғыдан дұрыс сөйлеуді білдіретін лингвистикалық құралдар баса назар аударуды қажет етеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысында тақырыптың теориялық-әдіснамалық негізін айқындау мақсатында ғылыми-теориялық және философиялық бағыттағы еңбектерге жан-жақты талдау жасалды. Зерттеу барысында лингвопсихологиялық көзқарас басшылыққа алынып, тілдік бірліктердің мазмұны мен олардың қоғамдық санаға әсер ету тетіктерін ашуға мүмкіндік беретін сараптау, жүйелеу және салыстырмалы талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Аталған әдістер зерттеу нысанын көпқырлы тұрғыдан қарастыруға және алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге бағытталды.

Зерттеудің теориялық бөлімінде тіл, мәдениет және аударматану мәселелерін жан-жақты қарастырған С.Г.Тер-Минасова, Панин, Беркнер, В.Н.Комиссаров, Л.С.Бархударов сияқты шетелдік ғалымдардың, сондай-ақ отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне талдау жасалды. Аталған авторлардың тұжырымдамалары негізінде тілдік бірліктердің мағыналық, прагматикалық және психолингвистикалық қырлары айқындалып, зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар жасалды.

Зерттеудің негізгі нысаны ретінде қазақ және орыс тілдеріндегі қоғамдық-саяси дискурста қолданылатын мәтіндер алынды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің жолдаулары, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар, үкіметтік және ресми құжаттар, сондай-ақ мемлекеттік және ресми интернет-ресурстарда ұсынылған аударма материалдар зерттеу материалы ретінде пайдаланылды. Бұл мәтіндер қоғамдық-саяси коммуникацияның өзекті үлгілері ретінде таңдалып, олардың тілдік ерекшеліктері мен мазмұндық сипаты жан-жақты зерделенді.

Зерттеу барысында салыстырмалы (contrastive analysis), семантикалық және дискурстық талдау әдістері жүйелі түрде қолданылды. Салыстырмалы талдау қазақ және орыс тілдеріндегі бір мәтіннің түпнұсқасы мен аударма нұсқаларын өзара салыстыру арқылы екі тілдің құрылымдық, стильдік және прагматикалық ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Семантикалық талдау саяси терминдер, эвфемизмдер, синонимдік қатарлар сияқты тілдік бірліктердің мағыналық реңктерін ашуға мүмкіндік берді. Ал дискурстық талдау мәтіндердегі саяси мазмұнның берілу тәсілдерін, авторлық ниетті, коммуникативтік стратегияларды және адресатқа ықпал ету жолдарын айқындауға арналды. Осы әдістерді

кешенді қолдану нәтижесінде қазақ және орыс тілдеріндегі қоғамдық-саяси дискурстың ерекшеліктері, сөздік қорының қолданылу аясы мен мағыналық трансформациялары анықталып, зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік туды.

Талқылау мен бақылау. Дәстүрлі түрде аударманы бастапқы мәтінді қабылдау, одан кейін осы мәтінді бастапқы тілдік жүйеден аударылатын тілдің құрылымына сәйкес қайта кодтау және оны жаңғырту үдерісі ретінде қарастыру, мәдениетаралық коммуникация теориясы аясында елеулі өзгерістерге ұшырауда. Осылайша, мәдениетаралық коммуникациядағы аударма тек екі тілдік жүйенің тілдік құралдарын сәйкестендіруді ғана емес, сонымен қатар екі мәдениетті салыстыруды да қамтиды, мұнда коммуникацияның жағдаяттық контексті мәдени әлемнің бір бөлігі ретінде көрініс табады. Демек, аударма мәдениетаралық коммуникация актісі ретінде түсініледі, бұл тілдің мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуының нәтижесінде болуы мүмкін. Сонымен қатар, мәдениеттің құрамдас бөлігі бола отырып, тіл бағалау формасы ретінде қызмет атқарып, тіл тасымалдаушыларының мінез-құлқын сипаттаушы ретінде рөл атқарады.

Өз мәдениетіне бейсаналық бағдар ұстану, яғни мәтін/пайымдауды құрастыру барысында да, оны қабылдау (декодтау) кезінде де, мәдениетаралық коммуникация үдерісіне қатысушылардың мәдени құндылықтар жүйесін ескеру қажеттігі айқындалды. Демек, тілдік бірліктердің мәні тек контекстке ғана емес, сонымен қатар сол немесе басқа тілдік бірлікке тән мәдени контекстке байланысты да айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Осыдан келіп, аударма әртүрлі мәдениеттердің өкілдері болып табылатын тілдік тұлғалардың өзара әрекеттесу үдерісі ретінде қарастырылады, әрі бұл үдеріс бір мәдени кодты басқа мәдени код арқылы түсіндіруді көздейді. Саяси дискурсты аударудағы дискурсивтік практика — сыни дискурстық талдау тұрғысынан аз зерттелген сала болып табылады. «Discursive practices in translating political discourse: insights from white papers on China-US economic and trade frictions» [10] атты зерттеуде ұлттық бейнелердің мәні мен өндірісі көбіне ұлттық санаға тәуелді екенін, ал аударма субъектілері арасында мәдени және идеологиялық келіссөздер жүретінін көрсетеді. Аударылған ресми құжаттарда ұлттық мүдделерді қорғаушы және диалогты жақтаушы ретінде сипатталатынын көрсетеді. Мұндай бейнелеу қоғамдық қабылдауға әсер етуі мүмкін және сонымен қатар, қоғамдық пікірдің өзі де осы үдерістің ықпалында болуы ықтимал. Осы мақалада саяси дискурсты аудару – әлеуметтік практика түрі ретінде қарастырылады және бұл үдерістегі дискурсивтік практиканың әлеуметтік функциялары талданады. Саяси дискурсты аудару – бұл тек тілдік әрекет емес, сонымен қатар кең әлеуметтік және идеологиялық мағынаға ие дискурсивтік әрі әлеуметтік практика. Бұл үдерісте ұлттық сана, интерсубъективтілік және әлеуметтік контекст шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, аударманың қабылдануы мен таратылуы мақсатты аудиторияның мәдени және саяси ұстанымдарына байланысты түрліше жүзеге асады. Аударма арқылы жүретін мәдени және идеологиялық келіссөздер аудармашының бейтарап делдал емес, белсенді идеологиялық субъект екенін көрсетеді. Осылайша, саяси дискурстың аудармасы қоғамда белгілі бір идеологиялық ұстанымдарды нығайтып, қоғамдық пікірге ықпал ететін маңызды құралға айналады.

Нәтижелер. Әртүрлі мәдени және тілдік ортада жүзеге асатын қарым-қатынас үдерісі қоғамдық-саяси дискурстың тиімді аудармасын қажет етеді. Қоғамдық-саяси мәтіндердің ерекшелігі – олардың тек ақпарат жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге белгілі бір идеологиялық, әлеуметтік және мәдени мазмұнды қамтуында. Сондықтан мұндай мәтіндерді аудару үдерісі тек тілдік деңгейде емес, сонымен қатар әлеуметтік-лингвистикалық қырынан да қарастыруды талап етеді. Қазақ және орыс тілдері арасындағы аударма тәжірибесі қазіргі жағдайда ерекше маңызға ие. Себебі қазақ және орыс тілдері мемлекеттік және қоғамдық кеңістікте қатар қолданылады, әрі олардың әрқайсысы өзіндік мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерге ие. Осы тұрғыдан алғанда, қоғамдық-саяси аудармадағы мәдениетаралық коммуникация мәселелерін зерттеу тек аудармашылық практика үшін ғана емес, жалпы қоғамдағы тілдік саясат пен көптілділік жағдайын түсіну

үшін де қажет. Қоғамдық-саяси мәтіндерді аудару барысында әлеуметтік-лингвистикалық аспектіні, яғни тілдік тұлға, мәдени құндылықтар, ұлттық-менталдық ерекшеліктер мен коммуникативтік стратегияларды ескеру қажеттілігінен туындайды.

Аударма – бұл сөйлеу әрекеті. Сондықтан аударма қызметінде тіл бастапқы модельдеуші жүйе болып саналады. Аудармашы тұрғысынан алғанда тілдік жүйе – ойдың құралы. Ал осы қызметтегі екінші модельдеуші жүйе ретінде мәдениеттер жүйесінің айырмашылығын қарастыруға болады. Аудармашы үшін мәтін – коммуникация құралы. Соңғы уақытта аударма үдерістерін зерделеуде когнитивтік бағыт айқындала бастады.

Когнитивтік теория – бұл менталдық ақпаратты, яғни адамның санасының негізін құрайтын және мидағы менталдық лексиконда сақталатын ақпаратты зерттеу. Ақпаратты алу, өңдеу және сақтау тәсілдерін зерделей отырып, когнитивтік ғылым саласының мамандары осы тәсілдердің сана құрылымдарының белгілі бір формалары түрінде репрезентациялануы мүмкін деген идеяны алға тартты. Когнитивтік ғылым осы құрылымдардың қалыптасуы мен қызмет етуіне қатысты мәселелерді шешумен айналысады. Аударманың когнитивтік үдерістерін зерттеу бірқатар қиындықтарға тап болады, себебі ол сырттай бақыланбайды және ол жөнінде тек әрекет нәтижелері арқылы ғана пайымдауға болады. Аударма теориясындағы когнитивтік сипаты мәдениетаралық коммуникация кезінде елеулі рөл атқарады. Себебі, аударма мәтініндегі автордың санасындағы ұлттық түсінікте қабылданған сөз тіркестері мен сөздік қорды аударма тілінде, мәдениетіне сәйкестендіріп, мазмұнын жоймай көшіру керек. Мәселен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» [11] атты жолдауының қазақша нұсқасында «Құрметті отандастар!», «Құрметті депутаттар!» деген арнау формалары жиі қолданылады (мемлекеттік үндеу стилі). Ал, орысша нұсқада «Уважаемые депутаты!» деген формуласы ең көп кездеседі. Бірақ бұл тіркес жалпы арнауды халыққа емес тек депутаттарға бағыттағандай сипатта. Бұл – рөлдік айырмашылық, өйткені орысша басым бөлігі ресми органдарға бағытталған. Жолдау мәтінінде қазақша сөздер кейде символдық түрде эмоционалдық мәнге ие болады: «елдің», «ұлттық», «рухани», «батыл қадам», «болашағымыз» және т.б. Бұл сөздер мәтінге эмоционалдық реңк береді. Орысша нұсқада эмоциялық лексика басыңқы, бірақ ресми-дипломатиялық стиль басым: «прогрессивное видение», «стратегические задачи», «конструктивный подход» сияқты тіркестер жиі қолданылады.

Орысша нұсқада сөйлемдер кейде қазақшаға қарағанда ұзақ, құрмалас құрылымда беріледі, себебі ресми орыс тіл стилі күрделі синтаксиске бейім болуы мүмкін. Қазақша жолдауда да күрделі сөйлемдер бар, бірақ кейде оңайырақ құрылымды сөйлемдер қолданылып, оқырманға түсінікті болуы мақсатта құрылған. Аударма үдерісінде үш негізгі кезең ажыратылады: 1-кезең – аудармашының мәтінді қабылдауы мен түсінуі; 2-кезең – бастапқы тілдің таңбаларын аударма тіліне сәйкес таңбаларға қайта кодтау («өзі үшін аударма»); 3-кезең – аударма тіліндегі мәтінді сыртқы сөйлеу түрінде өрбіту («біреу үшін аударма»). Біздің ойымызша, аударма қызметінің алғашқы кезеңінде сөздер мен контексті ұғыну аудармашының білім, пікір, дүниетаным жиынтығына, яғни оның әлем бейнесіне сүйене отырып жүзеге асады. Бұл ретте тілдік әлем бейнесінің маңызы зор, өйткені адамдар дәл тіл арқылы коммуникативтік үдерістерге қатысады. Психоллингвистикада әлем бейнесі ұлттық менталитеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Арнайы әдебиеттерде әңгімелесушінің әлем моделінің ұлттық ерекшелігін білмеу өзіндік коммуникативтік кедергіге айналуы мүмкін екендігі атап көрсетіледі. Аударма үдерісінде үш негізгі кезеңнің әрқайсысы аударманың сапасына тікелей ықпал етеді. Әсіресе, бастапқы кезең – аудармашының мәтінді қабылдауы мен түсінуі – қоғамдық-саяси аудармаларда айрықша маңызға ие. Себебі мұндай мәтіндерде тек тілдік ақпаратты жеткізу жеткіліксіз, сонымен қатар автор ұстанымын, идеологиялық реңкті, мәдени-когнитивтік контексті де дәлме-дәл беру қажет.

Аудармашының мәтінді ұғынуы оның жеке когнитивтік базасына, атап айтқанда, білім деңгейіне, дүниетанымына, тіл мен мәдениетке қатысты жинақтаған тәжірибесіне,

яғни оның «әлем бейнесіне» тікелей байланысты. Бұл тұста «тілдік әлем бейнесі» ұғымы маңызды орын алады, себебі ол тілдік таңбалар арқылы қалыптасқан ұлттық-менталдық таным жүйесін бейнелейді. Қоғамдық-саяси дискурс ұлттық болмыс пен мәдениетке терең тамыр жайғандықтан, аудармашы бастапқы мәтінді тек тілдік тұрғыдан емес, мәдени-когнитивтік тұрғыдан да жан-жақты талдауы қажет.

Психолингвистикалық зерттеулерде әлем бейнесі ұлттық менталитеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, коммуникативтік үдерістегі ықпалын дәлелдейді. Егер аудармашы бастапқы мәтін авторының мәдени моделін, ұлттық ерекшелігін ескермесе, бұл жағдай коммуникацияда тосқауыл туғызып, аударманың прагматикалық мақсатына жетуіне кедергі келтіруі мүмкін. Осыған байланысты қоғамдық-саяси мәтіндерді аудару барысында аудармашының тілдік және мәдени құзыреттілігі, интерпретациялық қабілеті, прагматикалық бейімделу шеберлігі маңызды факторлар ретінде алға шығады. Демек, мұндай мәтіндерді сапалы аудару тек тілдік кодты ауыстыру емес, сонымен қатар мәдениаралық медиатор рөлін тиімді атқаруға негізделеді. Саяси теорияда әртүрлі танымдық мақсаттарға бағытталған және сондықтан өз іс-әрекеттерінде түрлі жолдармен дамитын көптеген көзқарастар кездеседі. Саяси теориядағы әртүрлі әдістемелік бағыттар таным мақсаттарының өзгешелігіне байланысты әрқалай дамиды. Мәселен, «Егемен Қазақстан» газетіндегі жарық көрген Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан – бейбітшілікті ту еткен мемлекет. Біз халықаралық құқық пен әділдік принциптерін ұстанамыз» деген сөйлемі орысша аудармасында «Казахстан – государство, выступающее за мир. Мы придерживаемся принципов международного права и справедливости» [12, 5] – деп беріледі. Аудармада негізгі мағына сақталғанымен, «бейбітшілікті ту еткен» деген ұлттық поэтикалық реңк «выступающее за мир» деп бейтарап формада берілген. Бұл – стилистикалық бейімдеу. Мұндай жағдайда аудармашы адресаттың қабылдау ерекшелігін ескеріп, экспрессивті емес форма таңдайды. Ал, халықаралық «Kazakhstan stands for strengthening multilateral non-proliferation regimes» [13] құжатында берілген аудармадан мысал келтіретін болсақ,

Түпнұсқа (ағылшынша → қазақша аударма): «The Republic of Kazakhstan reaffirms its commitment to global non-proliferation efforts».

Қазақша нұсқасы: «Қазақстан Республикасы жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау жөніндегі жаһандық күш-жігерге бейілділігін растайды».

Орысша нұсқасы: «Республика Казахстан подтверждает свою приверженность глобальным усилиям по нераспространению оружия массового уничтожения». Қазақ және орыс тіліндегі аудармада ресми-іскерлік стиль мен халықаралық терминология сақталған. Алайда «бейілділік» және «приверженность» сөздерінің ұлттық стилистикада әртүрлі қабылдануы мүмкін. Бұл – лексикалық сәйкестендіру мен прагматикалық бейімдеудің қажеттілігін көрсетеді.

Қоғамдық-саяси дискурста аудармашының рөлі тек техникалық маманмен шектелмейді. Ол – мәдени делдал, идеологиялық кодтардың таратушысы. Аудармада саяси корректілік, цензура, медиадағы контекст секілді факторлар да маңызды. Жалпы, халықаралық саяси шиеленістер кезінде бір сөздің өзі екі түрлі аудиторияда әрқалай қабылдануы мүмкін. Сондықтан да аудармашы термин таңдауында өте мұқият болуы керек. Келтірілген мысалдар аударма қызметінің шығармашылық сипатын айқын дәлелдейді. Мәдениетаралық коммуникацияға қол жеткізу үшін аудармашы өз жұмысында мынадай әдістерді кеңінен қолданады:

- лексикалық бірліктерді орын ауыстыру әдісі, бұл бір жағынан түпнұсқаның ойын айқындай түссе, екінші жағынан ана тілінің стилін сақтауға мүмкіндік береді;
- лексикалық толықтыру әдісі, оның көмегімен түпнұсқада анық көрінбейтін мағыналық элементтер енгізіліп, аударманың түсінікті болуына жағдай жасалады;
- перифраза әдісі, ол бастапқы мәтіннің «ойын» сақтап, оны қабылдаушы үшін түсінуді жеңілдетеді. Қоғамдық-саяси аударма мәтінінде эмоциялық реңкті лексикаларды жалпы мағынада, мәдени коммуникацияны сақтау маңызды.

Қорытынды. Қоғамдық-саяси аударма мәдениетаралық коммуникация жүйесіндегі ең күрделі әрі көпқырлы құбылыстардың бірі болып табылады. Бұл аударма түрі тек тілдік бірліктерді бір тілден екінші тілге механикалық түрде көшірумен шектелмей, әлеуметтік, мәдени, идеологиялық және прагматикалық факторлардың өзара ықпалдастығын талап етеді. Қоғамдық-саяси мәтіндерде қолданылатын тілдік құралдар белгілі бір әлеуметтік топтың, саяси институттың немесе мемлекеттің мүддесін білдіретіндіктен, оларды аудару барысында әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерді ескермеу мәтін мазмұнының бұрмалануына және оның қабылдану әсерінің әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Қазіргі жаһандану жағдайында аудармашыдан жоғары деңгейдегі тілдік құзыреттілікпен қатар, мәдени-әлеуметтік сауаттылық, саяси дискурстың ішкі логикасын, құрылымдық ерекшеліктерін және прагматикалық мақсаттарын терең түсіну талап етіледі. Сонымен бірге халықаралық қатынастар мен ресми коммуникация саласында қалыптасқан нормалар мен стандарттарды меңгеру қоғамдық-саяси мәтіндердің сапалы әрі дәл аударылуын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, аудармашының кәсіби қызметі тек тіл маманы ретіндегі рөлмен шектелмей, мәдениетаралық медиатор функциясын да атқарады.

Қазақ және орыс тілдері арасындағы өзара ықпалдастық Қазақстан жағдайында мәдениетаралық коммуникацияның өзіндік әрі ерекше үлгісін қалыптастырады. Екі тілдің қатар қолданылуы қоғамдық-саяси дискурстың көпқабатты құрылымын ашуға, ақпаратты әртүрлі адресаттарға бейімдеп жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай билингвистік кеңістікте жүзеге асатын аударма ұлттық-менталдық ерекшеліктерді, тарихи-мәдени контексті және тілдік тұлғаның коммуникативтік стратегияларын ескеруді талап етеді. Соның нәтижесінде қоғамдық-саяси мәтіндердің аудармасы мазмұндық тұрғыдан ғана емес, прагматикалық және әсер ету әлеуеті жағынан да теңестірілген түрде жүзеге асырылады. Жүргізілген талдау қоғамдық-саяси аударманың тек лингвистикалық құбылыс емес, сонымен қатар күрделі әлеуметтік-мәдени процесс екенін дәлелдейді. Аударма барысында қабылданатын шешімдер қоғамдағы идеологиялық бағдарларға, мәдени құндылықтарға және әлеуметтік коммуникация нормаларына тікелей байланысты болады. Осыған орай, қоғамдық-саяси мәтіндердің сапалы аудармасы полиязықты қоғам жағдайында өзара түсіністікті нығайтуға, мәдениетаралық ықпалдастықты дамытуға және қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге елеулі үлес қосады.

Әдебиеттер

1. Nida E. Toward a science of translating. – Netherlands: Brill academic Pub, 2003. – 331 p.
2. Vermeer H. J. Skopos and Commission in Translational Action. In A. Chesterman (Ed.), Readings in Translation Theory. – New York: Routledge, 2021. – P. 1-12.
3. Бархударов Л. С. Язык и перевод: вопросы теории перевода. – М.: Международные отношения, 1975. – 240 с.
4. Беркнер С.С. Язык как инструмент политики. Эссе о социальной власти языка. – Воронеж: ВГПУ, 2001. – 286 с.
5. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. 2-е изд., доработанное. – М.: Изд-во МГУ, 2004. – 352 с.
6. Панин В.В. Политическая корректность как культурно-поведенческая и языковая категория: дис. ... канд.филол. наук. – Тюмень, 2004. – 243 с.
7. Samovar L., Porter R., McDaniel E. Intercultural Communication: A Reader. – Wadsworth, 2009. – 518 p.
8. Абдуллина Н., Айдарбек Қ. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексиканың бірлігі ретінде «праймериз» сөзінің орнын анықтау // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – №1. – 2021. – Б 15-2. DOI: <https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/7>.
9. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Арыс, 1998. – 110 б.

10. Zhao Jiamin, Wang Jiayin. Discursive practices in translating political discourse: insights from white papers on China-US economic and trade frictions // Humanities and Social Sciences Communications journal, 12(1), 2025. – P. 1-11. DOI: <https://doi.org/10.1057/s41599-025-04740-z>.

11. Қасым-Жомарт Тоқаев. Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу. [Электронды жүктеме]. – 2025. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlık-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>.

12. Қасым-Жомарт Тоқаев. Конституция әрдайым адам құқығының темірқазығы болуы тиіс. Егемен Қазақстан, 2025. – №21. – 5 б.

13. Kazakhstan stands for strengthening multilateral non-proliferation regimes. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-hague/press/news/details/290733?lang=en>.

Г. ХАИРЛАЕВА, С. АСАНБАЕВА

Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ ПЕРЕВОД В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОЙ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ: СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ (НА МАТЕРИАЛЕ КАЗАХСКОГО И РУССКОГО ЯЗЫКОВ)

Аннотация. В статье рассматриваются роль и значение общественно-политического перевода в условиях современной межкультурной коммуникации. С социальной и лингвистической точки зрения исследуются особенности перевода политического дискурса, адаптация к адресату, соблюдение языковых норм и вопросы политкорректности. На основе конкретных примеров перевода с казахского и русского языков анализируются национально-культурные особенности, а также языковой запас и словоупотребление переводчика.

В условиях современной межкультурной коммуникации на материале казахского и русского языков выявляются социально-лингвистические особенности общественно-политического перевода. В качестве основного объекта исследования рассматриваются Послание Президента, а также законодательные акты и нормативные документы. Проводится анализ семантических, лексических и стилистических особенностей готовых переводных текстов на казахском и русском языках, делаются выводы на основе теории перевода и общих требований, предъявляемых к переводчику.

В процессе исследования особое внимание уделяется социально-лингвистическим аспектам, а именно языковой личности, национально-ментальным особенностям, коммуникативным стратегиям и роли культурных ценностей. Перевод общественно-политических текстов описывается как акт межкультурной коммуникации, в ходе которого анализируется творческая деятельность переводчика и его эвристические решения.

Результаты работы позволяют совершенствовать практику перевода в полиязычной среде, а также глубже понять взаимодействие казахского и русского языков в межкультурной коммуникации.

Ключевые слова: общественно-политический перевод, межкультурная коммуникация, социально-лингвистический аспект, политический дискурс, эквивалентность, адаптация.

SOCIO-POLITICAL TRANSLATION IN THE CONTEXT OF MODERN INTERCULTURAL COMMUNICATION: A SOCIOLINGUISTIC ASPECT (BASED ON THE MATERIALS OF THE KAZAKH AND RUSSIAN LANGUAGES)

Annotation. The article examines the role and significance of socio-political translation in the context of modern intercultural communication. From a sociolinguistic perspective, the study explores the peculiarities of translating political discourse, including adaptation to the target audience, adherence to linguistic norms, and issues of political correctness. Based on concrete translation examples from Kazakh and Russian, the analysis focuses on national-cultural features as well as the translator's linguistic competence and lexical usage.

In the context of modern intercultural communication, the sociolinguistic features of socio-political translation are identified using materials from the Kazakh and Russian languages. The main objects of the study are the President's Address and legislative acts. The semantic, lexical, and stylistic characteristics of translated texts in Kazakh and Russian are analyzed, and conclusions are drawn on the basis of translation theory and general requirements for translators.

During the research, particular attention is paid to sociolinguistic aspects, namely linguistic identity, national-mental specificities, communicative strategies, and the role of cultural values. The process of translating socio-political texts is described as an act of intercultural communication, in which the translator's creative activity and heuristic decisions are examined.

The findings contribute to improving translation practice in multilingual environments and provide a deeper understanding of the interaction between the Kazakh and Russian languages within intercultural communication.

Keywords: socio-political translation, intercultural communication, sociolinguistic aspect, political discourse, equivalence, adaptation

References

1. Nida E. Toward a science of translating. – Netherlands: Brill academic Pub, 2003. – 331 p.
2. Vermeer H. J. Skopos and Commission in Translational Action. In A. Chesterman (Ed.), Readings in Translation Theory. – New York: Routledge, 2021. – P. 1-12.
3. Barhudarov L. S. Īazyk i perevod: voprosy teorii perevoda. – M.: Mejdunarodnye otnoŝenia, 1975. – 240 s.
4. Berkner S.S. Īazyk kak instrument politiki. Ese o sosiālnoi vlasti Īazyka. – Voronej: VGPU, 2001. – 286 s.
5. Ter-Minasova S.G. Īazyk i mejkūlturnaia komunikasia. 2-e izd., dorabotannoe. – M.: Īzd-vo MGU, 2004. – 352 s.
6. Panin V.V. Politicheskaia korektnōst kak kūlturno-povedencheskaia i Īazykovaia kategoria: dis. ... kand.filol. nauk. – Tūmen, 2004. – 243 s.
7. Samovar L., Porter R., McDaniel E. Intercultural Communication: A Reader. – Wadsworth, 2009. – 518 p.
8. Abdullina N., Aidarbek Q. Qazaq tūlндегі qoğamdyq-saiasi leksikanyñ birlıǵı retinde «praimeriz» sōzınıñ ornyn anyqtau // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – №1. – 2021. – B 15-2. DOI: <https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/7>.
9. Momynova B. «Qazaq» gazetindeгі qoğamdyq-saiasi leksika. – Almaty: Arys, 1998. – 110 b.
10. Zhao Jiamin, Wang Jiayin. Discursive practices in translating political discourse: insights from white papers on China-US economic and trade frictions // Humanities and Social Sciences Communications journal, 12(1), 2025. – P. 1-11. DOI: <https://doi.org/10.1057/s41599-025-04740-z>.
11. Qasym-Jomart Toqayev. Jasandy intelekt dāurindeгі Qazaqstan: ōzekti māseler jāne ony tūbegeili sıfrlyq ōzgerister arqyly ŝeŝu. [Elektrondy jükteme]. – 2025. – URL: <https://www.akorda>.

kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-daurindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlыk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957.

12. Qasym-Jomart Toqayev. Konstitusia әrдайым адам құқығының темірқазығы болуы тиіс. Egemen Qazaqstan, 2025. – №21. – 5 b.

13. Kazakhstan stands for strengthening multilateral non-proliferation regimes. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-hague/press/news/details/290733?lang=en>.

Авторлар туралы мәлімет:

Хаирлаева Гүлсая Жеткергенқызы – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Хаирлаева Гүлсая Жеткергеновна – докторант Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.

Khairlaeva Gulsaya Zhetkergenovna – Doctoral student of the Kazakh National Women's teacher training University, Almaty, Kazakhstan.

Асанбаева Сәуле Асанбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессор м.а., Алматы, Қазақстан.

Асанбаева Сауле Асанбаевна – кандидат филологических наук, и.о. профессора Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.

Asanbaeva Saule Asanbaevna – Candidate of Philological Sciences, acting professor of the Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.